

КЕЛІСЕМІН:

Ойыл ауданының білім
бөлімінің басшысы

С. Меруєнов

« 2 » 2023 жыл



БЕКІТЕМІН:

Амангелді орта мектебінің
директоры

Ж. Сүндетов

« 9 » 02 2023 жыл



«Ақтөбе облысының білім басқармасы
Ойыл ауданының білім бөлімі» ММ
«Амангелді орта мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің
2023-2024 оқу жылындағы оқу жоспары

Амангелді ауылы, 2023ж.

2023-2024 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» және т.б., Заңдарды және басқа да заңнама актілерін басшылыққа алуы және оқыту процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс:

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы іске асырылуда.

«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен **2,3-қосымша** (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары); 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар.

Үлгілік оқу жоспарлары ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрықпен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен **1-қосымшасы**, 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығы **6-қосымша**, 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 **39-қосымша**);).

Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы;

5 жастағы балаларды мектепалды даярлау міндетті және отбасында, мектепке дейінгі ұйымдардың мектепалды даярлық топтарында, жалпы білім беретін мектептердің, лицейлердің және гимназиялардың мектепалды сыныптарында жүзеге асырылады («Білім туралы» ҚР Заңы (бұдан әрі – Заң) 30-бап). Үлгілік оқу жоспарына сәйкес апталық оқу жүктемесінің көлемі – ұзақтығы – 25-30 минуттан 20 сағатты құрайды.

«Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңының 8-бабының нормасына сәйкес мектептердің, лицейлердің, гимназиялардың мектепалды сыныптарында кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогтердің айлық жалақысын есептеу үшін аптасына нормативтік оқу жүктемесі 24 сағатты құрайды.

1-4-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады.

"Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып

жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады.

"Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 29 желтоқсандағы № 614 бұйрығына сәйкес ШЖМ-да сыныпты екі топқа бөлуге білім алушылар саны 16 және одан артық болғанда.

Білім беру ұйымдарында көркем еңбек бойынша сыныптың толымдылығына қарамастан ұлдар мен қыздарға сыныпты екі топқа бөлуге болады.

«Жол қозғалысы ережелері» оқу курсы 5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі, сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылады.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушыларының оқытуымен іске асырылады. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабақтары міндетті болып табылады және оқыту уақытында жүргізіледі.

Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныпта – 33 оқу аптасын, 2-11-сыныптарда 34 оқу аптасын құрайды.

Күнтізбелік жылдағы каникулдың ұзақтығы кемінде 115 күнді құрайды, оның ішінде оқу жылында кемінде - 25 күн.

Каникулдар оқу жылында үш рет – күзде, қыста және көктемде беріледі. 1-сыныптың білім алушылары үшін үшінші тоқсанда ұзақтығы бір апта болатын қосымша каникул уақыты беріледі.

Амангелді орта мектебінің мектепалды даярлық сыныбында 16 тәрбиеленуші бар. Мектепалды даярлық сыныбы – 1.

Амангелді орта мектебінде барлығы – 157 оқушы.

Сынып комплекті – 11.

бастауыш білім беру деңгейінде сынып комплекті саны – 4;

негізгі орта білім беру деңгейінде сынып комплекті саны – 5;

жалпы орта білім беру деңгейінде сынып комплекті саны - 2

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту
министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394
бұйрығына 2-қосымша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557
бұйрығына 2-қосымша

**Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен
оқытудың үлгілік оқу жоспары (Шағын дамыту орталығы)**

Рет №	Ұйымдастырылған іс-әрекет*	Жас топтары	
		ортаңғы топ (3 жастағы балалар)	ересек топ (4 жастағы балалар)
1	Дене шынықтыру	аптасына үш рет	аптасына үш рет
	Дене шынықтыру**	күн сайын	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын	күн сайын
	Қазақ тілі	аптасына бір рет	аптасына бір рет
	Қазақ тілі ***	күн сайын	күн сайын
3	Сауат ашу негіздері	-	-
4	Математика негіздері	күн сайын	күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын	күн сайын
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
7	Музыка	аптасына бір рет	аптасына екі рет
	Музыка****	күн сайын	күн сайын
8	Арнайы түзетуші іс-әрекет*****	күн сайын	күн сайын

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту
министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394
бұйрығына 3-қосымша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557
бұйрығына 3-қосымша

**Мектептің мектепалды сыныпқа арналған мектепке дейінгі тәрбие мен
оқытудың үлгілік оқу жоспары (5 жастағы балалар)**

Рет т.№	Ұйымдастырылған іс-әрекет*/ Балалардың іс-әрекеті	Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене шынықтыру		3 сағат
	Дене шынықтыру**	күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту		2 сағат
	Көркем әдебиет		2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті	күн сайын	
	Қазақ тілі		2 сағат
	Қазақ тілі***	күн сайын	
3	Сауат ашу негіздері		3 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет	күн сайын	
4	Математика негіздері		3 сағат
	Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті	күн сайын	
5	Қоршаған ортамен таныстыру		2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс- әрекеті, еңбек іс-әрекеті	күн сайын	
6	Сурет салу		1 сағат
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
7	Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	күн сайын	
	Музыка		2 сағат
	Музыка****	күн сайын	
8	Барлығы		20 сағат

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту
министрінің міндетін атқарушы 2023 жылғы 18
тамыздағы № 264 бұйрығына 1-қосымша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500
бұйрығына 1-қосымша

**Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған
бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары**

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны				Жалпы жүктеме, сағат	
		1	2	3	4	апталық	жылдық
Инварианттық компонент							
	Тіл және әдебиет	6	9	11	11	37	1252
1	Әліппе, Ана тілі	6	-	-	-	6	198
2	Қазақ тілі	-	4	4	4	12	408
3	Әдебиеттік оқу	-	3	3	3	9	306
4	Орыс тілі		2	2	2	6	204
5	Шетел тілі			2	2	4	136
	Математика және информатика	4,5	5	6	6	21,5	726,5
6	Математика	4	4	5	5	18	608
7	Цифрлық сауаттылық	0,5	1	1	1	3,5	118,5
	Жаратылыстану	1	1	2	2	6	203
8	Жаратылыстану	1	1	2	2	6	203
	Адам және қоғам	1	1	1	1	4	135
9	Дүниетану	1	1	1	1	4	135
	Технология және өнер	3	3	2	2	10	337
10	Музыка	1	1	1	1	4	135
11	Көркем еңбек			1	1	2	68
12	Еңбекке баулу	1	1			2	67
13	Бейнелеу өнері	1	1			2	67
	Дене шынықтыру	3	3	3	3	12	405
14	Дене шынықтыру	3	3	3	3	12	405
Инварианттық оқу жүктемесі		18,5	22	25	25	90,5	3058,5
Вариативтік компонент							
Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар		1	2	1	1	5	169
Математика және логика		1	1	1	1	4	135
Жұмбақтар сандығы			1			1	34
Вариативтік оқу жүктемесі		1	2	1	1	5	169
Ең жоғарғы оқу жүктемесі		19,5	24	26	26	95,5	3227,5

Белсенді –қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар есебінен:

1,2,3,4 – сыныптарға «Математика және логика» курс аптасына 1 сағат.

Курстың мақсаты:Балаларды есте сақтаудың түрлеріне, қиял мен зейінді қалыптастыруға дамыту. Жаңа шешімдерді іздеу, қажетті нәтижеге жету, ерекше тәсілдерін табу

2 – сыныпқа «Жұмбақтар сандығы» курс аптасына 1 сағат.

Курстың мақсаты:Оқушылардың ана тілі пәніне қызығушылығын, ынтасын арттырумен қатар олардың ана тіліне сауаттылығын қалыптастыруға жағдай жасау. Көрнекі- бейнелі,абстракттылы және логикалық ойлауды қалыптастыру, негізгі бастауыш білім деңгейінде ана тілін игеруге жағдай жасау.

Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы және № 23719 08.06.2022 жылғы «Ақтөбе облыстық психологиялық - медициналық - педогогикалық консультация» коммуналды мемлекеттік мекемесі негізінде және №465 08.09.2022 жылғы Ойыл аудандық ауруханасының жанындағы дәрігерлік-консультациялық комиссия қортындыларымен: «F-70 Умственная отсталость легкой степени с указанием на отсутствие или слабую выраженность нарушения поведения» шешімін басшылыққа ала отырып 21.09.2013 жылы туған **4-сынып оқушысы Қашқынов Ерболға** ерекше білім беру қажеттіліктері бойынша жеке бағдарламамен оқыту ұйымдастырылады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту
министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы
№365бұйрығына 6-қосымша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500
бұйрығына 6-қосымша

**Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған
негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары**

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны					Жалпы жүктеме, сағат	
		5	6	7	8	9	апталық	жылдық
Инварианттық компонент								
	Тіл және әдебиет	11	11	11	11	11	55	1870
1	Қазақ тілі	3	3	3	2	2	13	442
2	Қазақ әдебиеті	2	2	2	3	3	12	408
3	Орыс тілі мен әдебиеті	3	3	3	3	3	15	510
4	Шетел тілі	3	3	3	3	3	15	510
	Математика және информатика	6	6	6	6	6	30	1020
5	Математика	5	5	-	-	-	10	340
6	Алгебра	-	-	3	3	3	9	306
7	Геометрия	-	-	2	2	2	6	204
8	Информатика	1	1	1	1	1	5	170
	Жаратылыстану	2	2	7	8	8	27	918
9	Жаратылыстану	2	2	-	-	-	4	136
10	Физика	-	-	2	2	2	6	204
11	Химия	-	-	1	2	2	5	170
12	Биология	-	-	2	2	2	6	204
13	География	-	-	2	2	2	6	204
	Адам және қоғам	3	3	3	3	4	16	544
14	Қазақстан тарихы	2	2	2	2	2	10	340
15	Дүниежүзі тарихы	1	1	1	1	1	5	170
16	Құқық негіздері	-	-	-	-	1	1	34
	Технология және өнер	3	3	1	1	1	9	306
17	Музыка	1	1	-	-	-	2	68
18	Көркем еңбек	2	2	1	1	1	7	238
	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	15	510
19	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	15	510
Инварианттық оқу жүктемесі		28	28	31	32	33	152	5168
Вариативтік компонент								
Жаһандық құзыреттілік		0,5	0,5	0,5	0,5	1	3	102
Элективті курстар		-	-	-	-	-	-	
Вариативтік оқу жүктемесі		0,5	0,5	0,5	0,5	1	3	102
Ең жоғарғы оқу жүктемесі		28,5	28,5	31,5	32,5	34	155	5270

5,6,7,8 сыныптарда вариативті компоненттен 0,5 сағат бөлінген.

«Жаһандық құзыреттілік» курсы бойынша жаһандық азаматтық құзыреттерге ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру, оқушылардың жергілікті, өңірлік, ұлттық, жаһандық оқиғалар, олардың себептері мен салдарлары туралы талдамалық бағалау түсінігін дамыту мақсатында **«Жаһандық құзыреттілік» курсы** өткізіледі.

9 сыныпта вариативті компоненттен 1 сағат бөлінген. «Жаһандық құзыреттілік» курсы бойынша білім алушылардың құқықтық және діни сауаттылығын қалыптастыруға, зайырлылық қағидатын құндылық ретінде түсінуге, діннің қоғам өміріндегі орнын, әлемдік діндердің, жалған діни және деструктивті діни ағымдардың тарихы мен қазіргі жағдайын зерделеуге бағытталған «зайырлылық» принципін құндылық, яғни мемлекет баяндылығының басты тұғыры ретінде қабылдауға, дінді зайырлы таным аясында тануға үйрету мақсатында **1 сағат «Жаһандық құзыреттілік»** курсына бөлінді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 86-қосымшасы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы «30» қыркүйектегі № 412 бұйрығына 39-қосымша

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны		Жалпы жүктеме сағат	
		10	11	апталық	жылдық
Инварианттық компонент					
1	Қазақ тілі	1	1	2	68
2	Қазақ әдебиеті	2	2	4	136
3	Орыс тілі мен әдебиеті	2	2	4	136
4	Шетел тілі	3	3	6	204
5	Алгебра және анализ бастамалары	4	4	8	272
6	Геометрия	2	2	4	136
7	Информатика	2	2	4	136
8	Физика	2	2	4	136
9	Химия	2	2	4	136
10	Биология	2	2	4	136
11	География	2	2	4	136
12	Қазақстан тарихы	2	2	4	136
13	Дүние жүзі тарихы	1	1	2	68
14	Құқық негіздері	1	1	2	68
15	Дене шынықтыру	3	3	6	204
16	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	1	1	2	68
Инварианттық оқу жүктемесі		32	32	64	2176
Вариативтік компонент					
Жаһандық құзыреттілік		1	1	2	68
Элективті курстар		2	2	4	136
Алғашқы әскери және технологиялық дайындық (оқу-далалық жиын)		1		1	34
Тригонометриялық есептеулер		1		1	34
Жаһандану үрдістері: теория және қазіргі заман			1	1	34
Биологиялық модельдер және қолданбалы есептер			1	1	34
Вариативтік оқу жүктемесі		3	3	6	204
Ең жоғарғы оқу жүктемесі		35	35	70	2380

10-сыныпта вариативті компоненттен 3 сағат бөлінген. «Жаһандық құзыреттілік» курсы бойынша білім алушылардың жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін түсінуді, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды түсінуді және бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыру мақсатында **1 сағат «Жаһандық құзыреттілік»** курсы өткізіледі.

Элективті курс бойынша білім алушылардың практикалық дағдылары мен біліктіліктерін шындау және жетілдіру, сонымен қатар әскери істі оқып-үйренуге қызығушылықтарын арттыру мақсатында **1 сағат Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні бойынша оқу -дала жиыны курсына** берілді.

1 сағат элективті курс есебінен оқушыларды күрделі тригонометриялық есептерді шығара алуға және есептеулердің тиімді формаларын ұтымды қолдана білуге үйрету мақсатында **«Тригонометриялық есептеулер»** тақырыбында алгебра пәніне 1 сағат курс берілді.

11-сыныпта вариативті компоненттен 3 сағат бөлінген. «Жаһандық құзыреттілік» курсы бойынша білім алушылардың білім алушылардың кәсіпкерлік, экономика, менеджмент және маркетинг негіздері бойынша базалық білім алуы; өз таңдауы үшін жауапкершілікке дағдыландыру және кәсіпкерлік тұрғыда ойлауын, белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыру; қазіргі нарықтық жағдайларда болашақ дербес қызмет үшін дағдылардың практикалық базасын құру мақсатында **1 сағат «Жаһандық құзыреттілік»** курсы өткізіледі.

Элективті курс есебінен оқушылардың бойына әлемнің тарихи дамуы барысында бізге жеткен жалпыадамзаттық құндылықтарды дарыту, жаһандану процесінің ерекшеліктерін түсіндіру мақсатында **«Жаһандану үрдістері: теория және қазіргі заман»** тақырыбында 1 сағат және жалпы биологияны оқытуда генетика саласынан оқушылардың білімін тереңдету, моногибридті, ди, тригибридті будандастыруда Г.Мендельдің заңдарын пайдаланып есептер шығару және дәлелдей білуге үйрету мақсатында **«Биологиялық модельдер және қолданбалы есептер»** тақырыбында биология пәнінен 1 сағат курс берілді.

**2023-2024 оқу жылына арналған вариативтік компонент жүктемелері
(№1 педагогикалық шешім 31.08.2023 ж)**

№	Мектебі	Вариативтік компонент тақырыбы	Сыныбы	Пән мұғалімі
1	Амангелді ОМ	Математика және логика	1	Салық А
2	Амангелді ОМ	Математика және логика	2	Бірімғалиев А
3	Амангелді ОМ	Жұмбақтар сандығы	2	Бірімғалиев А
4	Амангелді ОМ	Математика және логика	3	Тлеуғалиева С.
5	Амангелді ОМ	Математика және логика	4	Мусирова Л
6	Амангелді ОМ	Жаһандық құзыреттілік	5	Мамбетова Л
7	Амангелді ОМ	Жаһандық құзыреттілік	6	Мамбетова Л
8	Амангелді ОМ	Жаһандық құзыреттілік	7	Мұқашова Г
9	Амангелді ОМ	Жаһандық құзыреттілік	8	Мұқашова Г
10	Амангелді ОМ	Жаһандық құзыреттілік	9	Жалмұхан А
11	Амангелді ОМ	Жаһандық құзыреттілік	10	Мырзағалиева Г.
12	Амангелді ОМ	Тригонометриялық есептеулер	10	Әбдірзақ М.
13	Амангелді ОМ	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық (Оқу-далалық жиын)	10	Қалиев Е
13	Амангелді ОМ	Жаһандық құзыреттілік	11	Мырзағалиева Г.
14	Амангелді ОМ	Жаһандық үдерістер: теория және қазіргі заман	11	Жалмұхан А
15	Амангелді ОМ	Биологиялық модельдер және қолданбалы есептер	11	Мұқашова Г

Оқу ісінің орынбасары:

С.К.Дуйсегалиева